

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Тусупбекова Зинаида Ашиковна

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің
экономика, бизнес және құқық колледжі

Аймағанбетова Даркен Зекеновна

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің
экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ.

Аннотация

Өзектілігі: Баяндамада Ыбырай Алтынсарин шығармаларының ұрпаққа қалдырған рухани-адамгершілік құндылықтары жайлы айтылады. Алдыңғы толқын ағалардан жеткен ұлттық мәдениетіміз бен адамгершілік құндылықтарымызды бағалап, қастерлеу, ұлы тұлғалардың рухани құндылықтарының астарына үңілу, оны білім беру үдерісінде қолдану және тәрбиелік мақсатта пайдалану көзделеді.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетіне мол жаңалық әкелуі, жаңа жанрлар мен тақырыптар енгізген ақын, қазақ балалары үшін ғылым негізін оқытатын тұңғыш қазақ мектебін ашушы қоғам қайраткері екедігі сөз етілген.

Түйінді сөздер: ағартушы, қоғам, демократиялық, тарихи, мәдени, зерттеу, тәрбие.

Аннотация

Актуальность: В докладе говорится о духовно-нравственных ценностях произведений Ы.Алтынсарина, оставленных потомкам. Она призывает ценить и уважать национальную культуру и человеческие ценности, дошедшие до нас от старшего поколения, сосредоточить внимание на духовных ценностях великих личностей, использовать их в образовательном процессе и в воспитательных целях.

Цель: Ибрай Алтынсарин внес много новшеств в казахскую литературу, представил новые жанры и темы, был общественным деятелем, открывшим первую казахскую школу, в которой казахстанские дети обучались основам естественных наук.

Ключевые слова: просветитель, общество, демократический, исторический, культурный, исследовать, воспитание.

Abstract

Relevance: In the report there are described the spiritual and moral values of works left by Ibrai to his generation. The purpose of the work is recognition, honouring our national culture and moral values left over from preceding writers and educators, considering the spiritual meaning of great figures, application of it in the process of learning and using for educational purposes.

Goal: Ibrai Altynsarin made many innovations in Kazakh literature, presented new genres and topics, was a public figure who opened the first Kazakh school, in which Kazakh children were trained in the basics of natural science.

Keywords: enlightener, society, democratic, historical, cultural, investigation, education.

Кез келген кезең әдебиетінің дамуы елдің сол тұстағы саяси, тарихи-әлеуметтік жағдайына тығыз байланысты. Қазақ әдебиеті де өзінің даму сатысында осындай кезеңдерді жүріп өтті. Біз тілге тиек еткелі отырған XIX ғасыр әдебиеті де сол уақытқа дейінгі әдебиетпен салыстырғанда, тақырыптық тұрғыдан кең ауқымды, жанрлық тұрғыда өскен, көркемдік дәрежесі молайған әдебиет болды. Себебі ол қоғам да өзіне дейінгі кезеңдерге қарағанда көптеген өзгерістерді басынан өткеріп, жаңа белестерге бел буған еді. Бұл қазақ әдебиеті өзінің дәстүрлі ақындық, жыраулық поэзиясын, ұлттық дәстүрлерін дамыта отырып, орыстың классикалық әдебиетімен, сол арқылы батыс әдебиетімен танысуға қол жеткізе бастаған кез еді. Сонымен қатар бұл уақыт қазақтың мәдени өмірінде бірсыпыра өзгерістер туғызған кезең болды. Округ орталықтарында орыс-қазақ мектептері ашылып, қазақ балалары бастауыш, орта дәрежелі білім алды. Облыс орталығында орысша-қазақша газет шыға бастап, кітап басып шығару ісі қолға алынды. Патша үкіметі қазақ жерін толық бағындырып алғаннан кейін оның жер байлығын, әдебиеті мен тілін, этнографиясы мен тарихын зерттеу мақсатында әртүрлі

экспедициялар ұйымдастыруға кірісті. Бұл жағдайға белгілі дәрежеде өзгеріс енгізген тарихи оқиға -Қазақстанның Ресей қол астына кіруінің толықтай аяқталуы болды. Бұл үрдіс аяқталмай тұрып-ақ Ресеймен тығыз қарым-қатынас жасаған сонау бір кезеңде түркі халықтарының жекелеген қайраткерлері өз ұлттарының жазба тілінің халықтың сөйлеу тілінен алшақтығына, оның өзге тіл сөздерімен шұбарланғанына көңіл аударған болатын. Қазақ халқының ойшылдары елдің мәдени өрлеу сапарын өзге оқу-білімі дамыған озық елдер мәдениетімен сабақтастыра дамытуды өздеріне мақсат етіп, азаматтық борышы деп санады.

Халқымыздың озық ойлы азаматтарының бұқара халықтың мүддесін қорғау мақсатында іс-әрекеттері олардан тың ағартушылық идея талап етті, соның нәтижесінде қоғамда ағартушы-демократтар қатары көбейді. Мәдениет өкілдері – ақындар мен жазушылар халқының бағыт бағдарын айқындап, жұртшылықтың көңілін оятуға күш-жігерлерін арнады. XIX ғасырда қазақ қоғамында етек жайған халық қозғалыстары және үн қосушы ақын-жазушылар шығармалары мен іс әрекеттері – осынау тарихи шындықтың айқын көріністері болатын.

Бұл туралы Н.И.Ильминский былай деп жазды: «XIX ғасырдағы орта тұсынан бастап, қазақ қоғамының тарихи даму факторларына байланысты жазба әдеби тіл мұқтажы күшейеді. Ол тілді екі жерден іздеу керек болады: не бұрыннан қолданылып келе жатқан, бірақ қазақ мәдениетінде қызмет сферасы бұл кезде тарылған ортаазиялық жазба әдеби тілді пайдаланып, соны жандандыру немесе жаңа жазба әдеби тілдің іргетасын қалау». Әдебиет зерттеушілері осы кезеңде әдебиет аренасына шыққан қазақтың біртуар азаматтары, ұлы ағартушылары Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ұлт болашағына, жаңа демократиялық бағыттағы тіл мен әдебиеттің қалыптасуына қосқан өлшеусіз үлесін айтып та, жазып та жеткізуде.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетіне мол жаңалық әкелген, жаңа жанрлар мен тақырыптар енгізген ақын, жазушы және ұлы ағартушы, қазақ балалары үшін ғылым негізін оқытатын тұңғыш қазақ мектебін ашушы қоғам қайраткері болды. Сонымен қатар болыстық бастауыш мектептер мен училищелерді ұйымдастырушы, кеменгер ақын, қазақтың реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, талантты зерттеуші-ғалым.

Тілмаш болып, кеңсе қызметінде қалып қоймай, халқына қызмет етуді армандап, сол арманының алғаш қадамы 1861 ж. мектеп ашуға ұмтылған сапарынан басталды. Армандаған мектептің 1864 ж. ашылуына дейін өз үйіне балалар жинап, болашақ мектеп оқуының негізін сала барді. Осы әрекеті арқылы тәжірибесі нығая түсті.

Ол өзінің айналысып жүрген жұмысын қанағат етпей, халық-ағарту ісімен тікелей шұғылдануды, ғалымдар ортасында жүруді үнемі мақсат етті. Ел көзін ашу, көкірегін ояту, ауыртпалық зардабын тартқан халықтың тағдырына аз да болса қол ұшын созуды өз борышы деп білді. Өмірінің бар саналы жылдарын оқу-ағарту ісіне арнаған жалынды педагог өзі өмір сүрген ортаның наразылығына қарсы күресе жүріп, қазақ балаларына мектеп ашу жұмысын қажырлықпен жүзеге асырды. Орынборға қарасты қазақ өлкелерінің біраз жерінен бастауыш мектеп ашып, қалалардағы орыс мектептеріне қазақ балаларын орналастыруға күш салды. Мектептер арқылы балаларды оқу-білімге тартып, олардың мәдениетті болып жетілуіне және солар арқылы ел болашағаның жарқын болуына әсер етуді мақсат тұтты. Ал, білімге баулудағы басты құрал – оқулық. Осы салада мектеп кітапханасын ұйымдастырып, оқулықтар алдырып, орыс тіліндегі құралдар аударып, қазақ тілінде оқулықтар жазып, тынымсыз істер атқарды. Оқуды баланың өзіне түсінікті тілде жүргізу пайдалы екенін жақсы білген педагог қазақ тілінде тұңғыш оқу құралын жазды. 1879 ж. Ыбырайдың хрестоматиясы жарық көрді. Ал бұл оқулықтың қазақ мәдениеті тарихында алар орны ерекше. Сонымен қатар қазақ әліпбиін орыс графикасына көшіру жолында да тұңғыш қадамдар жасады.

Оқу әдісінде де көптеген жақсы бастамалар болды.

Ы.Алтынсарин демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты.

Көрнекті ақын, талантты жазушы Ы.Алтынсарин қаламынан өн бойындағы тамаша талабын танытарлық маңызды көркем шығармалар туындады. Жазушылық қызметінің түпкі қазығы да оқу, білім мәселесімен сабақтас. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін нысанасы – халқының көзін ашу, көңілін ояту, оларды озық мәдениетті елдер қатарына қосу болды. Өлеңдері арқылы білімнің маңызын түсіндіріп, надандыққа қарсы шықты. Қазақ балалары арасынан болашақтың тұтқасын ұстаушыларды даярлауды басты мақсатым деп санады. Ыбырайдың айтуынша оқу, өнер қолға оңай түсер нәрсе емес, оған төзімді күрес пен қажырлы еңбек арқылы ғана жетеді. Сауысқан екеш сауысқан да өз тамағын шоқуменен табады. Жалықпай іздену, еңбек ету арқылы ғана адам өнерлі, бақытты болмақ.

Өнері ілгері елдердің жеткен жетістіктерін көлденең тартып, олардың қол жеткізген техникалық жетістіктері – оқу-білімнің жемісі, оқыған адам өмірден іздегенін еш қиындықсыз таба алады, от пен суды өзіне қызмет еткізеді дейді. Халқының кешеулеп қалуын жоюдың бір жолы ретінде орыс халқының мәдениеті мен техникасының табыстарын үйренуге шақырды, қазақ балалары үшін ашылған мектептерде ана тілімен қатар орыс тілін үйретуді көздеді. Ана тілінде оқытатын мектеп ашу деген сөз, қазақтың жазба тілін халықтың ауызша әдеби тілі мен сөйлеу тілі негізінде жаңалап қайта құру деген сөз еді.

Ақын шығармалары арқылы әлеуметтік, гуманистік идеяны нақты мәселелер төңірегінде көтеріп, заман шындығын аша түседі. Тірліктің қызығы қайырымдылық пен әділет, достық пен татулық деп барша жанға халық аңызындағы Атымтай жомарттың игі істерін үлгі етеді. Ыбырайдың жазушы ретіндегі жаңашылдығы – қазақ әдебиетіне жаңа идея мен тың тақырыптар әкелуінде. Тәлім-тәрбие, мәдениет мәселелері Ыбырай шығармаларының арқауы болды. Кейіпкер әрекеттері арқылы өмір мәселелерін ашып, адам образын шеберлікпен жасай білді. Әңгімелерінде Үсен, Сейітқұл, әке мен бала, кәсіпқорлар арқылы қазақ әдебиетінде ұнамды кейіпкерлер жасау проблемасын көтерді. Мазмұны жағынан Ыбырай өз кезеңінің өзекті мәселелерін қамтып, сол арқылы оқушысын адамгершілікке, адалдыққа, тазалыққа, әділдікке, еңбексүйгіштікке, тапқырлыққа, ізгілікке, білімділікке, жомарттыққа, шынайы достыққа, кәсіпкерлікке шақырады. Еңбек тақырыбындағы «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Қыпшақ Сейітқұл», «Асыл шөп» және т.б. әңгімелері өзінің өнегелігімен, мәнділігімен ерекше шығармалар. Жазушы шығармаларының тағы бір бағаты – ертегі-аңыз түріндегі «Тазша бала», «Таза бұлақ», «Надандық», «Данышпан қазы» әнімелері – көркемдік жағынан шоқтығы биік шығармалар болып табылады. Бұлар қазақ әдебиетіндегі жақсы үлгідегі шағын прозалық шығармалар.

Ақынның қоғамдық ойлары мен дүниеге деген көзқарасын, саяси-әлеуметтік бағатын айқындаушы құнды дүниелердің бір саласы – оның хаттары. Тіл зерттеушілерінің айтуынша кейбір хаттар көркем публицистика дәрежесіндегі құнды материалдар болып табылады. Оған мысал ретінде жазушының 1864-1873 жылдары аралығында Н.И.Ильминскийге жазған хаттарын атап айтуға болады. Публицистикалық мақала дәрежесіндегі бұл хаттардың басты тақырыбы – халықтың сол кездегі ауыр халі және қазақ тілінің өзекті мәселелері. Дәл осы кезде Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Сіз қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатынмын» – деген сөздерінен ана тілінің тағдырына көп алаңдаушылық тудырып отырғанын айқын байқауға болады. «Мәселенің мәнді жері – деп жазды ол, – қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу – қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздерін таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек, ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқиды, бұл кітаптар, татар кітаптарымен қатар зор күш болар

еді». Ұлан-байтақ қазақ даласында дінияуи мектептер ашу, балаларды өз ана тілінде оқыту – оның басты арманы болатын.

Жазушы еңбектерінің қомақты бір саласы – аудармалары. Ол И.Крыловтың «Қарға мен түлкі», «Егіннің бастары», «Қайырымды түлкі», Л.Толстойдың «Полкан деген ит», «Силинші», И.Дмитриевтен «Екі шыбын», орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан, «Тәкаппаршылық», «Дүние қалай етсең, табылады», «Талаптың пайдасы», «Үш ұры», «Аурудан аяған күштірек», «Әке мен бала», «Білгеннің пайдасы», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Жаман жолдас» «Мейірімді бала» сияқты көптеген шығармалары қазақ әдебиетінің үлесін толықтыратын және одан әрі дамыта түсетін үлкен мұра. Орыс әдебиетінен аударылған мұндай шығармалар қазақ балалар әдебиетінің өсіп, дамуына игі әсерін тигізді. Аудармалардың басым көпшілігі балаларға арналғандықтан алдымен оны оқу да жеңіл болуын қарастыра отырып, қарапайым тілмен жазды. Қазақ әдебиетіне араласып, шұбарлай бастаған араб, парсы, татар, шағатай тілдері Ы.Алтынсарин шығармаларына енген емес. Діни сөздер де кездеспейді. Қазақ тілінің тазалығы үшін күрескен жазушы аудармасының аса құнды жақтары да осы. Әңгімедегі әр сөйлем орамдары мейлінше қарапайым, жай сөйлемдерден тұрып, шағын көлемді болуы, оқиға желісінің қысқа, әрі жеңіл, әрі қызықты болуы оқырманын бос сөзділіктен аулақ ұстап, жинақылыққа баулиды.

Рухани-адамгершілік тәрбие өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу арқылы жас ұрпақтың болашағына жол сілтеу – бүгінгі таңдағы маңызды мәселе. Ұлы педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өмірі мен еңбектері біз үшін мәңгі өшпейтін мұра. Қазақ әдебиетіне түрлі жаңа үлгідегі туындылар, жаңа тақырыптар, жаңа жанрлар әкелген реалист жазушы, ағартушы ақын Ыбырай шығармашылығы-құндылығы жойылмайтын асыл мұра.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ыбырай тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1991.
2. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003.
3. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы, 2003.
4. Ахметова Ә. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. – Алматы, 1992.
5. Дербісәлин Ә. Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы. – Алматы, 1958.
6. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы, 1969. – 81-82б.
7. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского языка. – Казань, 1860.

БІЛІМНІҢ НҰРЫН ШАШҚАН-ҰЛЫ ЫБЫРАЙ

Шайхыбеков Кенжебек Поездович
география және биология пәндерінің мұғалімі,
Ибраева Эльмира Адилбековна,
бастауыш сынып мұғалімі,
Айтпаева Алия Бағдановна,
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №115 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Аннотация

Өзектілігі: Бұл мақалада біздің еліміздің ұлы ағартушысы Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметіне тоқталамыз. Мұнда Ыбырай Алтынсарин сабақ беру барысында ашқан қазақ жеріндегі алғашқы зайырлы мектептер туралы, «қазақ оқырманы» туралы, оның өзі жазған алғашқы